

**«2024 жылғы 30 желтоқсандағы Байқаушы кеңесі шешімінің
№15/24 хаттамасына №1 қосымша**



**«KPI Inc.» ЖШС-нің
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
саласындағы
саясаты**

Атырау
2024



Әзірлеген:

Комплаенс-офицер

_____ Е.Досымбеков

«___» _____ 2024 жыл

«KPI Inc.» ЖШС

Байқаушы кеңесінің

«___» _____ 2024 жылғы

шешімімен

бекітілген

хаттама № _____

Мазмұны

Бөлім №	Бөлімнің атауы	Бет
1.	Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер	3
2.	Қолдану саласы	4
3.	Анықтамалар мен қысқартулар	5
4.	Жауапкершілік	11
5.	Нормативтік құқықтық база	13
6.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары	13
7.	Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл және олардың алдын алу жөніндегі шаралар	15
8.	Саяси маңызы бар тұлғалармен және жұртшылықпен өзара қарым-қатынас	20
9.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және бағалау	22
10.	Саясаттың орындалмауы (тиісінше орындалмауы) үшін жауапкершілік	22
11.	Қорытынды ережелер	23
	№1 қосымша	24
	№2 қосымша	26
	№3 қосымша	30
	№4 қосымша	32
	Өзгерістерді тіркеу парағы	33
	Танысу парағы	34



1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1.1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-де (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне, сондай-ақ «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-нің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС бизнестің тұрақты дамуының маңызды шарттарының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттейтін заңнаманы қатаң сақтау болып табылады деп есептейді.

1.3. «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС адал емес және заңсыз бизнес жүргізу тәсілдерін үзілді-кесілді қабылдамайтынын мәлімдейді және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу саласында қазақстандық, шетелдік және халықаралық органдар мен ұйымдар ұсынатын қосымша міндеттемелерді өз еркімен қабылдайды.

1.4. Саясат Компанияның сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуға жол бермеу саласындағы мақсаттары мен міндеттерін айқындайды, осы бағыттағы іс-қимылдың құқықтық негіздері мен негізгі қағидаттарын белгілейді, Компания қабылдайтын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды сипаттайды, Қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттерін, сондай-ақ Саясаттың ережелерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін жауапкершілікті белгілейді.

1.5. Осы Саясат мынадай мақсаттарда әзірленді:

- Компания қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, бизнесті жүргізудің жоғары стандарттары мен іскерлік әдеп қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

- Компания мен оның Қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылу тәуекелдерін барынша азайту;

- Қызметкерлерде және Лауазымды тұлғаларда, Контрагенттерде, мемлекеттік органдардың өкілдерінде, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғаларда Компанияны сыбайлас жемқорлықты оның кез келген нысандары мен көріністерінде қабылдамайтын ұйым ретінде біртұтас түсінікті қалыптастыру;

- Компанияның сыбайлас жемқорлыққа тартылуға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметін регламенттейтін жергілікті нормативтік базаны қалыптастыру.

1.6. Осы Саясаттың міндеттері:

- компанияның сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын айқындау;



- құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, сондай-ақ оларды дайындап жатқан, жасап жатқан немесе жасаған тұлғаларды анықтау және белгілеу;

- негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен алаяқтық тәуекелдерін сәйкестендіру және оларды барынша азайту және/немесе жою жөніндегі шараларды айқындау;

- сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мақсатында Компанияның корпоративтік мәдениетін қалыптастыру;

- қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама негізінде Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерді енгізу және оларды Компанияның Қызметкерлері мен өзге де мүдделі тараптардың назарына жеткізу;

- қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың Саясатта бекітілген қағидаттарды, шектеулер мен талаптарды сақтау міндетін белгілеу;

- сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау үшін ақпараттық арналардың болуын қамтамасыз ету;

- компанияда қабылданған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды түсіндіру.

1.7. Осы Саясат Компанияның бизнесті жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын ұстанатынын және өзінің іскерлік беделін сақтауға бейілділігін көрсетеді. Компания өзінің адал және парасатты ұйым ретіндегі беделі оның ең құнды активтерінің бірі болып табылатынын мойындайды және сыбайлас жемқорлық оның бизнесі мен құндылықтарына қауіп төндіреді деп есептейді. Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты берік ұстанымы бизнесті жүргізудің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады.

1.8. Компания Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларына бүкіл әлем бойынша тікелей немесе үшінші тұлғаларды тарту (Делдалдық) арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға немесе пара беруге кез келген нысанда тыйым салады. Компания сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтынын ашық мәлімдейді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу саласында қосымша міндеттемелерді өз еркімен қабылдайды.

1.9. Компания Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларына КРІ атынан Саяси маңызы бар тұлғаларға, оның ішінде осындай төлемдерді делдалдар арқылы жүзеге асыру жолымен, Ынталандырушы төлемдерді жасауға қатаң тыйым салады.

1.10. Осы Саясат КРІ-дің Интернет желісіндегі ресми веб-сайтында және электрондық құжат айналымы жүйесінде орналастырылады.

2. Қолдану саласы

2.1. Саясат барлық Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

2.2. Саясат мынадай тұлғаға қолданылады:

2.2.1. «KPI Inc.» ЖШС.

2.3. Компания өзінің Контрагенттеріне осы Саясаттың талаптарын қатаң сақтауды және өз қызметкерлерінің Саясат талаптарын сақтауын қамтамасыз етуді ұсынады.

3. Анықтамалар мен қысқартулар

3.1. Осы Саясаттың мақсаттары үшін мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Белсенді парақорлық	Пара ұсыну, уәде ету, параға рұқсат беру немесе пара төлеу (тікелей немесе жанама түрде), сондай-ақ осындай қылыққа көмектесу немесе жәрдемдесу.
Жақын туыстар	Ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілер, ата, әже, немерелер.
Пара	1) материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе қандай да бір мүліктік пайда не қызмет түрінде берілетін, пара берушінің немесе өзге де үшінші тұлғаның мүддесі үшін Саяси маңызы бар тұлғаға ұсынылатын сыйақы, егер ол Саяси маңызы бар тұлғаның қызметтік жағдайына байланысты жасауы мүмкін немесе жасауға тиіс болған әрекетті (немесе, керісінше, әрекетсіздікті) жасағаны үшін берілсе; 2) материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе пара берушінің немесе өзге де үшінші тұлғаның мүддесі үшін Қызметкерге немесе Лауазымды тұлғаға ұсынылатын қандай да бір мүліктік пайда не қызмет түріндегі сыйақы, егер ол Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның қызметтік жағдайына байланысты жасауы мүмкін немесе жасауға тиіс болған әрекетті (немесе, керісінше, әрекетсіздікті) жасағаны үшін берілсе.
Лауазымды тұлға	КРІ-де тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік негізінде ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын тұлға;
ЕТҰ	ҚМГ-нің еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары, оның ішінде бірлескен кәсіпорындары мен қауымдастырылған ұйымдары

Мүдделі тараптар	Заңнама нормаларына, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) немесе жанама (тікелей емес) түрде Қордың және/немесе ұйымның қызметіне, олардың өнімдеріне немесе көрсетілетін қызметтеріне, сондай-ақ осыған байланысты әрекеттерге ықпал ететін немесе олардың ықпалына ұшырауы мүмкін жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар топтары; бұл анықтама Қор мен ұйымды білуі немесе олар туралы пікір білдіруі мүмкін барлық тұлғаларға қолданылмайды; мүдделі тараптардың негізгі өкілдеріне акционерлер, қызметкерлер, клиенттер, өнім берушілер, мемлекеттік органдар, еншілес ұйымдар, облигация ұстаушылар, кредиторлар, инвесторлар, қоғамдық ұйымдар, Қор немесе ұйым қызметін жүзеге асыратын өңірлердің тұрғындары жатады.
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ.
Компания	«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС
Коммерциялық параға сатып алу	Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқарушылық функцияларды орындайтын адамға өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүддесінде қызмет бабымен жалпы қамқорлық немесе салғырттық таныту.
Комплаенс жүйесі	Компанияның процестеріне, саясатына, рәсімдеріне, шараларына ішкі бақылау жүйесі, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Компания қабылдайтын, қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, салалық нормалар мен Компанияның ішкі құжаттарының талаптарының бұзылуына жол бермеуге бағытталған тиімді профилактикалық (алдын алу) іс-шаралар кешенін іске асыруды, сондай-ақ жоғары кәсіби және этикалық стандарттарды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы заңнамасы мен қолданылатын халықаралық құқық талаптарын



	сақтамау тәуекелдерін барынша азайту, Компанияға елеулі қаржылық залал келтірудің немесе оның беделіне нұқсан келтірудің алдын алу мақсатында сыбайлас жемқорлық фактілері мен өзге де бұзушылықтарды (теріс пайдалануларды) анықтау және жолын кесу жөніндегі іс-шараларды қамтиды.
Комплаенс функциясы	Компанияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі басқаратын процесс, оның негізгі міндеттері Компанияда тиімді комплаенс жүйесін құру, комплаенс тәуекелдерін басқаруға мониторинг жүргізу, сондай-ақ Компанияның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.
Контрагент	Компания азаматтығына, резиденттігіне немесе тіркелген жеріне қарамастан, онымен шарт/келісім жасасқан немесе жасасуды жоспарлап отырған, оның ішінде әр түрлі консультациялық және өзге де қызметтерді көрсетуге арналған шарттарды/келісімдерді жасасатын немесе жасасуды жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға.
Мүдделер қақтығысы	Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның Жеке пайдасы немесе қызметі Компанияның мүдделеріне қайшы келетін немесе ықтимал түрде қайшы келуі мүмкін және соның салдарынан олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына, сондай-ақ Компанияға қатысты мәселелер бойынша қабылдайтын шешімдерінің объективтілігіне әсер етуі мүмкін кез келген жағдайлар немесе мән-жайлар.
Сыбайлас жемқорлық	Кез келген нысанда, тікелей немесе делдалдар арқылы заңсыз материалдық және материалдық емес пайданы, оның ішінде пара және коммерциялық пара беру нысанында ұсыну, уәде ету, беру, талап ету және/немесе алу; және/немесе сыбайлас жемқорлық әрекетін жүзеге асыру кезінде Делдалдық ету; және/немесе қызметтік жағдайды теріс пайдалану, өкілеттіктерді теріс пайдалану, сондай-ақ Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның, сондай-ақ өзге де тұлғаның Компанияның заңды мүдделеріне қайшы келетін

	өз қызметтік жағдайын өзге де заңсыз пайдалануы, оның ішінде өзі немесе үшінші тұлғалар үшін заңсыз материалдық және материалдық емес пайда алу мақсатында пайдалануы не көрсетілген тұлғаға өзге де жеке тұлғалардың осындай пайданы заңсыз беруі.
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық	Сыбайлас жемқорлық белгілері бар, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланумен байланысты немесе жеке пайда алу мақсатында өзінің лауазымдық міндеттерін қасақана орындамау түріндегі, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің жасалуына немесе жасалған құқық бұзушылықтың жасырылуына ықпал ететін, заң бойынша әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген құқыққа қайшы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).
Сыбайлас жемқорлық әрекеті	Қызметкердің жеке пайдасымен немесе Компанияның, мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіре отырып, үшінші тұлғаларға пайда берумен байланысты қызметтік жағдайын құқыққа қайшы пайдалануы, ол үшін заңнамада әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленбеген, бірақ осы Саясаттың ережелерін бұзатын әрекет.
Бағыттаушы тарап	Ағымдағы жылы Компаниямен персоналды ұсыну (аутстаффинг) қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан ұйым.
Белсенді емес парақорлық	Параны тікелей немесе жанама түрде сұрау, алуға келісім беру немесе алу.
Саяси маңызы бар тұлға	1. Мемлекеттік қызметші – Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің мемлекеттік органда мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыратын азаматы; 2. Мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы – мемлекеттік органдарда тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын тұлға;

	3) Шетелдік лауазымды адам – шет мемлекеттің лауазымды адамы, соның ішінде шетелдік жария жиналыс мүшелері, халықаралық ұйымдардың лауазымды адамдары, халықаралық парламенттік жиналыс мүшелері, шет мемлекеттің судьялары мен халықаралық соттың лауазымды адамдары, сондай-ақ шет мемлекеттің қарулы күштері мен өзге де әскери құралымдарындағы лауазымды адамдар.
Парақорлықта/коммерциялық пара беруде делдалдық ету	Пара алушы мен пара берушінің пара алу және беру туралы өзара келісімге қол жеткізуіне немесе оны іске асыруына жәрдемдесу, оның ішінде пара берушінің/коммерциялық пара нысанасын беруші тұлғаның немесе пара алушының/коммерциялық пара нысанасын алушы тұлғаның тапсырмасы бойынша параны/коммерциялық пара нысанасын (заңсыз сыйақыны) тікелей беру, сондай-ақ пара берушіге және (немесе) пара алушыға/қатысушы тұлғаларға параны/коммерциялық параны алу және беру туралы өзара келісімге қол жеткізуіне немесе оны іске асыруына өзге де түрде жәрдемдесу.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға (профилактикасына), оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге, сондай-ақ олардың салдарын жоюға бағытталған қызметі.
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу	Компанияда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеуді қамтамасыз ететін корпоративтік мәдениет элементтерін, ұйымдық құрылымды, ішкі құжаттарда регламенттелген қағидалар мен рәсімдерді енгізуге бағытталған іс-шаралар.
Қызметкер	Компаниямен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын тұлға, сондай-ақ персоналды ұсыну

	(аутстаффинг) қызметтерін көрсету туралы шартқа сәйкес Жіберуші тараппен жасалған еңбек шарты негізінде тартылатын өзге де тұлғалар.
Жекжаттар	Жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары.
Комплаенс қызметі / комплаенс функциясына жауапты уәкілетті құрылымдық бөлімше	Компанияның комплаенс мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшесі немесе тұлға.
Ынталандырушы төлемдер	Әдеттегі ресми іс-қимылдарды жеделдету мақсатында Саяси маңызы бар адамдардың пайдасына төленетін төлемдер (мысалы, рұқсаттар, лицензиялар немесе өзге де ресми құжаттама беру; визалар, жұмысқа рұқсаттар және өзге де иммиграциялық құжаттама беру; тауарларды кеденнен босатуға рұқсат алуды жеделдету; жылжымайтын мүлікті немесе көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді жеделдету; коммуналдық немесе өзге де қызметтерді (мысалы, телекоммуникациялар, күзет) көрсету кезінде жеделдету және басқалар.
Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың отбасы мүшелері	жұбайы (зайыбы), ата-анасы, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары, сондай-ақ оның асырауындағы және онымен тұрақты түрде бірге тұратын адамдар.
СЕО/Бас директор	Атқарушы органның басшысы (ағылш. Chief Executive Officer).
СЕО-1	Басқару деңгейі, ұйымдық құрылымға сәйкес Бас директор (СЕО) лауазымынан кейінгі бағынысты деңгей (басшылық және басқару қызметкерлері, аппарат басшысы, СЕО-ға тікелей бағынатын функционалдық блоктардың директорлары).
СЕО-2	Басқару деңгейі, ұйымдық құрылымға сәйкес СЕО-1 деңгейінен төмен орналасқан деңгей (СЕО-1-ге тікелей бағынатын қызметтер мен бөлімдердің басшылары).
ПҚМЖ	Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі.

4. Жауапкершілік

4.1. Қызметкерлер/Лауазымды тұлғалар өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде:



1) Саясатпен танысуға және Саясатты сақтау туралы міндеттемеге қол қоюға тиіс. Міндеттеме Саясатқа № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбек шартына немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы шартқа қосымша ретінде ресімделеді;

2) негізгі ұғымдар мен жол берілмейтін сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының мысалдары көрсетілген № 2 қосымшаға сәйкес жадынаманы басшылыққа алуға тиіс;

3) Қызметкердің іскерлік қасиеттерін бағалау кезінде, оның ішінде ол жоғары тұрған лауазымға тағайындалған жағдайда, өзге де кадр мәселелерін шешу кезінде Саясаттың сақталуын ескеруге тиіс;

4) Саясатта көзделген шектеулер мен талаптарды, оның ішінде сыйлықтар беру мен алуға, өкілдік шығыстарды жүзеге асыруға, қайырымдылық және демеушілік қызметке, саяси қызметке қатысуға, мемлекеттік органдардың өкілдерімен, Саяси маңызы бар тұлғалармен және қоғамдық ұйымдармен, Контрагенттермен, делдалдармен, үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауға, Мүдделер қақтығысына жол бермеуге және есептілікті жүргізуге қатысты талаптарды қатаң сақтауға тиіс;

5) мынадай іс-әрекеттерге үзілді-кесілді тыйымдарды қатаң сақтауға:

- сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға, оның ішінде Саяси маңызы бар тұлғаларға пара ұсынуға, уәде етуге немесе беруге;

- Пара сұрауға және алуға, сондай-ақ Коммерциялық пара беруді ұсынуға немесе алуға;

- Контрагенттерге Коммерциялық пара беруге немесе Контрагенттердің Қызметкерлерге/Лауазымды тұлғаларға Коммерциялық пара беруіне қатысуға, нақты бір Контрагентпен шарт немесе келісім жасасуға қандай да бір жолмен мүдделі болуға, нақты бір Контрагентті (консорциум құрамында немесе дербес түрде ұсынылғанына қарамастан) тартуды негізсіз талап етуге және Контрагентті таңдау кезінде Компанияның мүдделерін ескермеуге;

- өзіне, Компанияға немесе үшінші тұлғаларға пайда алу мақсатында қандай да бір тұлғаларға және қандай да бір тұлғалардан немесе ұйымдардан, оның ішінде коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардан, мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, Саяси маңызы бар тұлғалардан әкімшілік, бюрократиялық және өзге де формальдылықтарды жеңілдету үшін кез келген нысанда, оның ішінде ақшалай қаражат немесе олардың баламалары, құндылықтар, көрсетілетін қызметтер немесе мүліктік және мүліктік емес сипаттағы өзге де пайда түрінде төлемдер жасауға.

6) Лауазымды тұлғалар өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Компанияның Контрагенттерінен және басқа да үшінші тұлғалардан пара алуға, сондай-ақ Параны жеке өзі де, Қызметкерлер немесе өзге де үшінші тұлғалар арасындағы делдалдар арқылы да бастамашылық жасауға, ұсынуға және беруге қатаң тыйымды сақтауға тиіс;

7) Компанияның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы талаптар мен шектеулерді (Саясатқа қайшы келмейтін бөлігінде) сақтауға тиіс;

8) Лауазымды тұлғалар өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Саясатқа № 4 қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамада белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға тиіс;

9) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен активтер мен міндеттемелер туралы, сондай-ақ кірістер мен мүлік туралы декларацияларды ұсынуға тиіс.

4.2. Қызметкерлер/Лауазымды тұлғалар Контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде:

1) іскерлік қатынастарды адал және әділ қағидаттар негізінде жүргізетін Контрагенттермен ғана орнатуға және сақтауға тиіс;

2) өзінің іскерлік беделіне қамқорлық жасауға тиіс;

3) шаруашылық қызметті жүргізу кезінде жоғары этикалық стандарттарды қолдайтынын көрсетуге тиіс;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өз шараларын іске асыруға тиіс.

4.3. Комплаенс қызметі/комплаенс функциясына жауапты уәкілетті құрылымдық бөлімше мынадай мәселелер үшін жауапты:

1) Компанияның, Қызметкерлердің немесе Лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық қызметіне және өзге де жосықсыз практикаларға тартылу тәуекелін төмендету мақсатында Контрагенттерді тексеру рәсімін енгізу (оның ішінде әлеуетті Контрагенттер туралы ашық қолжетімді ақпаратты, мысалы, олардың беделі, нарықтағы қызметінің ұзақтығы, сыбайлас жемқорлық жанжалдарына қатысуы және өзге де мәліметтерді жинау және талдау);

2) Компанияда қабылданатын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар туралы ақпаратты Компанияның ресми веб-сайтында орналастыру;

3) Саясатты өзектендіру;

4) Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғаларға Саясаттың ережелерін түсіндіруді ұйымдастыру;

5) Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін қолдау және жетілдіру, сондай-ақ комплаенс функциясын жетілдіру.

4.4. Құқықтық қамтамасыз ету қызметі Контрагенттермен жасалатын шарттарға № 3 қосымшада көзделген нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы ережелерді – сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізуге жауапты.

4.5. Персоналды басқару және дамыту қызметі мынадай мәселелер үшін жауапты:

1) Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға берген келісімдерін тіркеу;

2) Лауазымды тұлғалардың еңбек шартын жасасу кезінде кірістері мен мүлкі туралы, активтері мен міндеттемелері туралы декларацияларды бір рет ұсынуын қамтамасыз ету;



3) Саясатты бұзған Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғаларға қатысты шаралар қабылдау.

5. Нормативтік құқықтық база

5.1. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасын, халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Компанияның ішкі құжаттарын ескере отырып әзірленді.

5.2. Осы Саясатты жасау кезінде мынадай құжаттардың мазмұны ескерілді:

- 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
- 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- KPI корпоративтік әдеп кодексі;
- KPI Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғалары арасындағы мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- Қазақстан Республикасының парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелерінің ұлттық стандарты ҚР СТ ISO 37001-2017.

5.3. Көрсетілген актілердің коммерциялық ұйымдарға қатысты бөлігіндегі негізгі талаптары:

- пара беруге немесе коммерциялық параға сатып алу нысанасына тыйым салу;
- Саяси маңызы бар адамдарды параға сатып алуға тыйым салу;
- Делдалдыққа тыйым салу;
- параны немесе коммерциялық параға сатып алу нысанасын алуға тыйым салу.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

Компания өз қызметі шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады:

6.1. **«нөлдiк төзiмдiлiк» қағидаты** (сыбайлас жемқорлықты кез келген нысаны мен көрiнiсiнде қабылдамау) – Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғаларға, сондай-ақ Компанияның атынан және/немесе оның мүддесi үшiн тiкелей немесе жанама түрде, жеке өзi немесе қандай да бiр Делдал арқылы әрекет ететiн өзге де тұлғаларға қандай да бiр елдегi бизнестi жүргiзу тәжiрибесiне қарамастан, сыбайлас жемқорлық әрекеттерiне қатысуға толық тыйым салу;

6.2. **«Жоғарыдан бастау» қағидаты** – Лауазымды тұлғалар өздерiнiң мiнез-құлқымен Компания Қызметкерлерiне бизнестi жүргiзудiң жоғары этикалық стандарттарын сақтау мен iлгерiлету және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрiнiсiн қабылдамау бойынша үлгi көрсетедi;

6.3. **тиiстi сақтық қағидаты** – Контрагенттермен iскерлiк қатынастардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелiн барынша азайту мақсатында Контрагент туралы қажеттi әрi анық ақпарат алуға бағытталған шаралар мен әрекеттер кешенiн қабылдау;



6.4. сыбайлас жемқорлықтың алдын алу қағидаты – Компания сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін алдын ала профилактикалық шаралар қабылдайды, яғни ең алдымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға және оларды барынша азайтуға бағытталған корпоративтік мәдениет элементтерін, ұйымдық құрылымды, қағидалар мен рәсімдерді енгізеді;

6.5. жазаның бұлтартпастығы қағидаты – Компания корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерінде Парақорлықтың, алаяқтықтың және Сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне ымырасыз көзқарасын білдіреді. Кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту олардың лауазымына, Компаниядағы жұмыс өтіліне және онымен өзге де қарым-қатынастарына қарамастан, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;

6.6. мониторинг және бақылау – Компания сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі енгізілген рәсімдерге мониторинг жүргізеді, олардың сақталуын бақылайды және оларды тұрақты түрде жетілдіреді;

6.7. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық – Компания сыбайлас жемқорлық проблемасының жалпы қоғамдық сипатта екенін және оған мемлекеттік саясат шеңберінде іске асырылатын іс-шаралар арқылы да, Компания Қызметкерлері, Лауазымды тұлғалары мен Контрагенттері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қалыптастыру арқылы да қарсы іс-қимыл жасау қажеттігін мойындайды;

6.8. Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тартылуы – Компания Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларында сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысаны мен көрінісін қабылдамауға бағытталған жеке ұстанымды қалыптастыруды өз міндеті деп санайды. Осы мақсатта Компания Саясатты ұйымның барлық деңгейлерінде енгізу және оның мазмұнын өз Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ өзге де мүдделі тараптарға жеткізу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды. Компания Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейін Саясаттың негізгі талаптары және оны практикада қолдану бойынша тұрақты оқыту арқылы арттыруға жәрдемдеседі;

6.9. дұрыс есептілік жүргізу қағидаты – Компанияда заңнама талаптары мен есептік құжаттаманы жүргізу қағидалары қатаң сақталады. Шаруашылық өмірдің әрбір фактісі бастапқы есепке алу құжатымен ресімделуге тиіс. Бухгалтерлік, басқарушылық және есепке алудың өзге де түрлерінің деректерін немесе оларды растайтын құжаттарды бұрмалауға немесе қолдан жасауға жол берілмейді.

7. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл және олардың алдын алу жөніндегі шаралар

7.1. Ақпараттандыру және оқыту

Компанияға жаңадан жұмысқа қабылданған Қызметкерлерде/Лауазымды тұлғаларда корпоративтік мәдениеттің тиісті деңгейін қалыптастыру мақсатында осы



Саясаттың және онымен байланысты құжаттардың ережелері бойынша кіріспе тренинг өткізіледі;

Қызметкерлер/Лауазымды тұлғалар тренингтер түрінде күндізгі оқу нысанында, сондай-ақ Компанияның веб-сайтында және ішкі ресурстарында ашық қолжетімді орналастырылған осы Саясатпен танысу арқылы сырттай немесе қашықтан оқу нысанында оқытудан өтеді.

7.2. Компанияның Контрагенттері мен CEO-1, CEO-2 деңгейлеріндегі бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тексеру

Іскерлік қатынастарды бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылданғанға дейін, CEO-1, CEO-2 деңгейлеріндегі бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды тарту кезінде немесе олармен еңбек қатынастарын ұзартқанға дейін, сондай-ақ Контрагенттермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Компания олардың сенімділігін, Мүдделер қақтығысының болмауын, Саяси маңызы бар тұлғалармен өзара байланысының болмауын тексереді, сондай-ақ олардың беделі туралы ақпаратты талдайды.

CEO-1, CEO-2 деңгейлеріндегі бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды немесе олармен еңбек қатынастарын ұзарту кезінде кандидаттарды, оның ішінде осы Саясатта белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру рәсімі Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Контрагенттерді және қайырымдылық/демеушілік көмек алушыларды тексерудің тәртібі мен критерийлері Компанияның Контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі ішкі құжатында бекітілген.

7.3. Бухгалтерлік есеп және аудит

Мүдделі тұлғаларды Компанияның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық әрі анық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында Компания бухгалтерлік, салықтық және басқарушылық есепті қолданыстағы заңнама талаптарына, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына толық сәйкес жүргізеді.

Барлық қаржылық-шаруашылық операциялар бухгалтерлік және есепке алудың өзге де түрлерінде толықтық, дұрыстық және ашықтық, сенімділік, салыстырмалылық, орындылық және түсініктілік қағидаттары негізінде көрсетіледі.

Компания қаржылық-шаруашылық операцияларды бухгалтерлік есепте көрсетпей жүзеге асыруға, бухгалтерлік, басқарушылық және есепке алудың өзге де түрлерінің деректерін, сондай-ақ бастапқы бухгалтерлік құжаттарды бұрмалауға немесе қолдан жасауға жол бермейді.

Компанияның барлық қаржылық-шаруашылық операциялары тиісті түрде қаралып, ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес уәкілетті Қызметкерлермен бекітіледі.

Қаржылық есептілік заңнама талаптарына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес тұрақты сыртқы аудиттен, сондай-ақ мерзімді ішкі аудиттен өтеді.

7.4. Өкілдік шығыстарды жүзеге асыру және сыйлықтар алмасу

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания Лауазымды тұлғаларға және Қызметкерлерге, сондай-ақ осы тұлғалардың отбасы мүшелеріне осы тұлғаның пайдасына Подарок берген/ұсынған тұлғалардың немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүддесі үшін осы тұлғаның әрекеті (әрекетсіздігі) үшін берілетін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – Сыйлық) алуға, сондай-ақ оларды үшінші тұлғаларға беруге тыйым салады, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса.

Лауазымды тұлғаларға және (немесе) олардың отбасы мүшелеріне олардың хабарынсыз келіп түскен Сыйлықтар Сыйлық алынған күннен бастап не Лауазымды тұлғаға Сыйлықтың алынғаны белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз берілуге тиіс, ал дәл осындай жағдайларда көрсетілген тұлғаларға ұсынылған қызметтердің құны қызмет көрсетілген күннен бастап не Лауазымды тұлғаға қызметтің көрсетілгені белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде ақшаны республикалық бюджетке аудару арқылы төленуге тиіс.

Қызметкерлерге олардың хабарынсыз келіп түскен Сыйлықтар Компанияның Сыйлықтарды есепке алу журналында одан әрі тіркеу үшін Компанияның комплаенс қызметіне тапсырылуға тиіс.

Өкілдік шығыстарды жүзеге асыру және сыйлықтармен алмасудың ерекше жағдайлары KPI корпоративтік әдеп кодексімен реттеледі.

7.5. Қайырымдылық және демеушілік қызметті жүзеге асыру бойынша шектеулер

Компания мемлекеттік органдарға, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға, олардың өкілдеріне, сондай-ақ өзге де тұлғаларға тікелей қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетпейді.

Қайырымдылық және демеушілік көмек KPI, ҚМГ, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес көрсетілуі мүмкін.

7.6. Саяси қызметке қатысудан бас тарту

Компания саяси партияларға, ұйымдарға және олармен байланысты қорларға тікелей немесе жанама түрде қатыспайды, оның ішінде оларды қолдауға демеушілік және өзге де төлемдерді жүзеге асырмайды. Сонымен қатар, Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар жұмыс уақытынан тыс уақытта өз қалауы бойынша саяси қызметке қатысуға азаматтық құқықтарын жүзеге асыра алады, бұл ретте мұндай қатысу Компанияның мүдделеріне зиян келтірмеуге және Мүдделер қақтығысын туындатпауға тиіс.

7.7. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасағаны үшін жауапкершілікке тарту

Компания сыбайлас жемқорлық әрекеттері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы антикоррупциялық заңнаманың және ішкі құжаттардың талаптарын өзге де бұзу фактілері үшін, мұндай бұзушылықтардың мөлшері мен нысанына қарамастан, жауапкершілікке тез әрі бұлтартпай тартуды қамтамасыз ету мақсатында барлық ықтимал ақылға қонымды және заңды шараларды қабылдайды.

Компания осы Саясатта белгіленген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін жауапкершілікке тартылған тұлғалар туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен жария ету құқығын өзіне қалдырады.

7.8. Қарсы шаралардан бас тарту

Компания Саясатта көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын/сыбайлас жемқорлық әрекетін ол туралы Компанияға белгілі болғанға дейін жасаудан бас тартқан Қызметкерлердің/Лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауапкершілікке тартылмайтынына кепілдік береді.

Компания болжамды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы басқа Қызметкер/Лауазымды тұлға жасағаны жөнінде адал ниетпен хабарлаған Қызметкерлерге/Лауазымды тұлғаларға қатысты үшінші тұлғалар тарапынан қолданылатын жауап шараларын, атап айтқанда, кемсітушілікке, қудалауға немесе өзге де жағымсыз салдарға әкеп соғатын әрекеттерді жол берілмейтін деп санайды және мұндай әрекеттерді уақтылы анықтауға әрі жолын кесуге ұмтылады, тіпті мұндай күдік кейіннен расталмаған жағдайда да.

7.9. «Жедел желі»

Компанияға деген жоғары сенім деңгейін сақтау, іскерлік этиканың халықаралық стандарттарын сақтау, сондай-ақ Парақорлық пен Сыбайлас жемқорлық жағдайларының алдын алу және жолын кесу мақсатында Компанияда «Жедел желі» жұмыс істейді.

«Жедел желіге» жүгіну арқылы кез келген тұлға өзіне қолайлы нысанда, оның ішінде анонимді түрде, өзіне белгілі болған Парақорлық, Сыбайлас жемқорлық және Коммерциялық параға сатып алу фактілері, Сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан Мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлықтың өзге де көріністері және Саясат ережелерінің бұзылуы туралы хабарлай алады.

Әрбір өтініш мұқият қаралады, өтінішті қарау нәтижелері Компанияның жауапты тұлғаларының назарына жеткізіледі, ал негіздер болған жағдайда Компанияның ішкі құжаттары мен рәсімдеріне сәйкес тиісті тексеру жүргізіледі.

«Жедел желінің» байланыс деректері Компанияның Интернет желісіндегі ресми веб-сайтында, ақпараттық стендтерде және өзге де жалпыға қолжетімді орындарда орналастырылады. Ақпарат беру мүмкіндігі веб-сайт жұмысындағы уақытша техникалық ақауларды қоспағанда, тәулік бойы, демалыс және мереке күндерінсіз қолжетімді.

7.10. Құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл

Компания өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы тиісті құқық қорғау органдарына хабарлау міндеттемесін өзіне алады.

Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылы мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- сыбайлас жемқорлық және алаяқтық белгілері бар құқық бұзушылықтардың жасалған жағдайлары туралы құқық қорғау органдарына хабарлау;
- сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу немесе тергеу бойынша іс-шараларды жүргізу кезінде құқық қорғау органдарына жәрдемдесу;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының сұрау салуларына жауаптар беру және/немесе олардың сұрау салуы бойынша өткізілетін кеңестерге (кездесулерге) қатысу.

7.11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер. Қаржылық бақылау шаралары

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген тұлғалардың, сондай-ақ аталған лауазымдарға кандидат болып табылатын тұлғалардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында аталған тұлғалар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамасында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдайды.

Аталған тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімі Адам ресурстарын басқару департаментімен жазбаша нысанда тіркеледі.

Аталған адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға (лауазымнан босатуға) әкеп соғады, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда, аталған шектеулерді сақтамау олардың тиісті қызметін тоқтату үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға кандидат болып табылатын тұлғалар, сондай-ақ олардың жұбайлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органына кірістері мен мүлкі туралы декларацияны, активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынады.

Декларацияларды және мәліметтерді ұсынбау немесе толық емес, анық емес декларациялар мен мәліметтерді ұсыну, егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, тұлғаға тиісті өкілеттіктер беруден бас тартуға негіз болып табылады не Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

7.12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру

7.12.1. КРІ-де паракорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі (бұдан әрі – ПҚМЖ) құрылып, оның жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

7.12.2. КРІ-дің Байқаушы кеңесі мынадай жолдармен көшбасшылық ұстанымын көрсетеді:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бекітеді;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының KPI мақсаттары мен даму стратегиясына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

3) ПҚМЖ-ның тиімді жұмыс істеуі үшін жеткілікті және тиісті ресурстардың бөлінуін қамтамасыз етеді;

4) KPI ПҚМЖ-сын әзірлеу мен енгізуді, оның нәтижелілігін, сондай-ақ оның тиімді жұмыс істеуі үшін бөлінген ресурстардың жеткіліктілігін бақылайды;

5) ПҚМЖ-ның құрылуы мен жұмыс істеуі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қабылданатын шаралар туралы ақпаратты мерзімді түрде, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет алады;

6) мақсаттарға қол жеткізуді және ПҚМЖ-ның нәтижелілігін мерзімді түрде, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет талдайды.

7.12.3. KPI-дің Бас директоры:

1) ПҚМЖ-ны әзірлеуді, енгізуді, жұмыс жағдайында ұстауды және қайта карауды қамтамасыз етеді;

2) ПҚМЖ мен комплаенс функциясының тиімді жұмыс істеуі және тұрақты жетілдірілуі үшін қажетті шараларды қабылдайды;

3) ПҚМЖ-ның нәтижелі жұмыс істеуі үшін жеткілікті және тиісті ресурстармен қамтамасыз етеді;

4) KPI-де комплаенс мәдениетін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетін және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын қабылдамау мәдениетін ілгерілетуді қамтамасыз етеді;

5) KPI қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимылдың және комплаенс жүйесінің талаптарына сәйкестіктің маңыздылығы туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді;

6) қызметкерлерді бастамашылықпен ақпарат беруге («Жедел желі» арқылы) ынталандырады;

7) бірде-бір қызметкердің Компанияда орын алған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы адал ниетпен немесе негізді болжамға сүйене отырып жасаған хабарламалары үшін немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысудан бас тартқаны үшін, тіпті мұндай бас тарту KPI бизнесі үшін шығындарға әкелуі мүмкін болса да, қудалауға, кемсітушілікке немесе тәртіптік ықпал ету шараларына ұшырамайтынына кепілдік береді.

7.12.4. ПҚМЖ мынадай іс-шараларды қамтиды:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және өзектендіру, сондай-ақ жүргізілетін іс-шаралар бойынша жазбалар жүргізу және дәлелдемелерді сақтау;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;

4) контрагенттерді тексеру;

5) қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және КРІ ішкі нормативтік құжаттарының талаптары туралы хабардар ету;

6) ПҚМЖ-ның нәтижелілігін қамтамасыз ету мақсаттары мен іс-шараларын әзірлеу;

7) онтрагенттер мен үшінші тұлғаларды КРІ-де қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мен шектеулер туралы хабардар ету құралдарын әзірлеу;

8) ПҚМЖ-ға ішкі аудит жүргізу, оның нәтижелерін Бақылау кеңесі мен КРІ Бас директорының назарына жеткізу;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары немесе оларға қатысты күдіктер бойынша келіп түскен өтініштермен жұмыс істеу;

10) Бақылау кеңесі мен КРІ Бас директорына басшылық тарапынан талдау жүргізу үшін ұсынуға арналған материалдарды қалыптастыру;

11) ПҚМЖ-ның нәтижелілігін Комплаенс қызметі тарапынан талдау;

12) ПҚМЖ-ны жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу.

7.12.5. ҚМГ ЕТУ-лардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін үйлестіреді.

7.12.6. ҚМГ жыл сайын директорлар кеңестеріндегі/байқаушы кеңестеріндегі өкілдері арқылы ҚМГ-нің портфельдік компанияларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қабылданатын шараларға, оның ішінде анықталған кемшіліктерді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін факторларды жоюға қатысты өз күтулері туралы ұстанымын жеткізеді.

8. Саяси маңызы бар тұлғалармен және жұртшылықпен өзара қарым-қатынас

Компания Саяси маңызы бар тұлғалармен кез келген диалог пен өзара іс-қимыл бастамашылдық, адалдық, ашықтық, жауапкершілік және дәйектілік қағидаттарына негізделуге, сондай-ақ қолданылатын заңнамаға және іскерлік әдеп стандарттарына сәйкес келуге тиіс деп санайды.

Қызметкердің/Лауазымды тұлғаның Саяси маңызы бар тұлғалармен кез келген тиісті емес өзара іс-қимылына қатаң тыйым салынады.

Компания Саяси маңызы бар тұлғалардың, сондай-ақ олардың Жақын туыстарының, жұбайларының, жекжаттарының, отбасы мүшелерінің пайдасына кез келген төлемдерді, сондай-ақ аталған тұлғалардың мүддесі үшін төлемдерді жүзеге асырудан бас тартады, оның ішінде қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе басымдықтар алудың тікелей немесе жанама мақсатымен Компанияның материалдық немесе өзге де пайда алуына байланысты төлемдерді жүзеге асырмайды, оның ішінде:

- өкілдік іс-шараларға қатысуды ұйымдастыру немесе оған ақы төлеу (өтемақы төлеу);



- демалысты, емделуді және аурулардың алдын алуды ұйымдастыру немесе оған ақы төлеу (өтемақы төлеу);
- іссапар және өзге де шығыстарды ұйымдастыру немесе оларға ақы төлеу (өтемақы төлеу).

Компания қаражаты есебінен Саяси маңызы бар тұлғалардың қатысуымен іс-шара ұйымдастырылған жағдайда, осындай іс-шараның бастамашысы оны өткізуге Комплаенс функциясы бойынша уәкілетті құрылымдық бөлімшенің алдын ала келісімін алуға тиіс. Бұл ретте Өкілдік шығыстар «Самұрық-Қазына» АҚ айқындаған өкілдік шығыстар лимиттерінен не заңнамада белгіленген лимиттерден аспауға тиіс.

Қызметкерлерге/Лауазымды тұлғаларға заңсыз артықшылықтар немесе басымдықтар алу үшін немесе осындай мақсатпен Саяси маңызы бар тұлғаларға тікелей немесе делдалдар арқылы ақша қаражатын, қандай да бір өзге де құндылықтарды немесе материалдық не өзге де пайданы ұсынуға, беруге, беруге уәде етуге немесе беруге кепілдік беруге тыйым салынады.

Қызметкерлерге/Лауазымды тұлғаларға Саяси маңызы бар тұлғаларға тікелей немесе делдалдар арқылы кез келген Ынталандыру төлемдерін ұсынуға, беруге немесе беруге уәде етуге тыйым салынады.

Қызметкерлер/Лауазымды тұлғалар Саяси маңызы бар тұлғалар тарапынан сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға дайын немесе оларға ықпал етуге дайын екендігі ретінде қабылдануы мүмкін мінез-құлыққа жол бермеуге міндетті. Бұл талаптар ауызша және жазбаша өтініштерді, келіссөздерді қоса алғанда, өзара іс-қимылдың барлық жағдайларына қолданылады.

Саяси маңызы бар тұлғалардан өз пайдасына немесе олардың Жақын туыстарының, жұбайларының, жекжаттарының, отбасы мүшелерінің пайдасына ақша қаражатын, қандай да бір өзге де құндылықтарды, материалдық немесе өзге де пайданы беруді сұрау, талап ету, бопсалау немесе оған меңзеу ретінде қабылдануы мүмкін ақпарат алған Қызметкер/Лауазымды тұлға тиісті Саяси маңызы бар тұлғамен іскерлік байланыстарды тоқтата тұруға және 1 (бір) жұмыс күні ішінде мұндай жағдайдың туындағаны туралы Комплаенс функциясы бойынша уәкілетті құрылымдық бөлімшеге хабарлауға және/немесе бұл туралы ақпаратты «Жедел желіге» жіберуге міндетті.

Саяси маңызы бар тұлғалармен, олардың Жақын туыстарымен, жұбайларымен, жекжаттарымен, отбасы мүшелерімен шарттар жасасу сыбайлас жемқорлық тәуекелінің жоғары факторы болып табылады. Мұндай тәуекелді болдырмау мақсатында Компания әлеуетті Қызметкерлер мен Контрагенттерді ішкі құжаттарға сәйкес Саяси маңызы бар тұлғалармен байланыстылығы тұрғысынан тексереді.

Қызметкерлер/Лауазымды тұлғалардың өз әрекеттерінің заңдылығына немесе әдептілігіне қатысты қандай да бір күмәні туындаған жағдайда, олар Комплаенс функциясы бойынша уәкілетті құрылымдық бөлімшеден консультация алуға міндетті.

9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және бағалау

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мен бағалау жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау мен бағалаудың мақсаты – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептерін анықтау және оларды жою немесе барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және ПҚМЖ-ға ішкі аудит жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау мен бағалау нәтижелері ПҚМЖ-ның нәтижелілігін талдау үшін пайдаланылады.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні – сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ Компаниядағы сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау мен бағалауға қатысты ақпарат.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және ПҚМЖ-ның нәтижелілігін бағалау үшін пайдаланылады.

10. Саясаттың орындалмауы (тиісінше орындалмауы) үшін жауапкершілік

Әрбір Қызметкер/Лауазымды тұлға атқаратын лауазымына қарамастан, осы Саясат талаптарының сақталуына жауапты болады.

Қызметкердің/Лауазымды тұлғаның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын және/немесе алаяқтық әрекеттерді жасауы еңбек міндеттерін өрескел бұзу деп танылады.

Қызметкер/Лауазымды тұлға мәртебесі мен лауазымына қарамастан жауапкершілікке тартылуға жатады. Жауапкершілікке тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызметкердің/Лауазымды тұлғаның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын және/немесе алаяқтық әрекеттерді жасауға қатыстылығы анықталған және белгіленген жағдайда, Компания Қызметкерді/Лауазымды тұлғаны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілікке, оның ішінде шартты бұзу түріндегі жауапкершілікке тартуға құқылы.

Жоғарыда көрсетілген фактілер бойынша жеткілікті негіздер болған жағдайда, ішкі тергеп-тексеру материалдары кінәлі тұлғаларды әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы арызбен құқық қорғау органдарына беріледі.

Компанияға зиян немесе залал келтірілген жағдайда, Компания сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын және/немесе алаяқтық әрекеттерді жасаған тұлғаға қатысты азаматтық талап қою туралы сотқа жүгінуге құқылы.



Компанияның Бас директоры бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауына жол бермеу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Компанияның Бас директоры өзіне тікелей бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін мынадай шарттардың жиынтығы болған кезде тәртіптік жауапкершілікке тартылады:

1) Бағынысты қызметкер жасаған сыбайлас жемқорлық қылмысы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға жол бермеу жөніндегі лауазымдық міндеттерді орындамауда немесе тиісінше орындамауда көрінетін кінә арасында байланыс анықталған;

2) Бағынысты қызметкерге қатысты сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы заңды күшіне енген сот актісі бар не сыбайлас жемқорлық қылмысын жасауға қатысты қылмыстық іс Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық қудалау органы не сот тарапынан тоқтатылған.

11. Қорытынды ережелер

Іскерлік әдептің халықаралық стандарттарын, бизнесті жүргізудің ашықтығы мен айқындығын сақтау мақсатында Қызметкерлер/Лауазымды тұлғалар Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға итермелеудің барлық жағдайлары туралы Комплаенс функциясы бойынша уәкілетті құрылымдық бөлімшеге хабарлауға міндетті.

Өзге Қызметкерлердің/Лауазымды тұлғалардың немесе Контрагенттердің әрекеттерінің заңдылығына, ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне және өзге де бұзушылықтарға, оның ішінде Парақорлыққа, Коммерциялық параға сатып алуға, Мүдделер қақтығысына және басқа да бұзушылықтарға қатысты күмән туындаған жағдайда, Қызметкер/Лауазымды тұлға, Контрагент, акционер немесе өзге де тұлға өз күмәндері туралы ашық диалог нысанында (оның ішінде анонимді түрде) Комплаенс функциясы бойынша уәкілетті құрылымдық бөлімшеге хабарлай алады немесе Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген рәсімге сәйкес «Жедел желіге» жүгіне алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына № 1 қосымша

«KAZAKHSTAN PETROCHEMICAL INDUSTRIES INC.» ЖШС-ДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫНЫҢ НОРМАЛАРЫН САҚТАУ ТУРАЛЫ МІНДЕТТЕМЕ

1. Қызметкер (Компаниямен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасқан тұлға) Компаниядағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының және



«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС Корпоративтік әдеп кодексінің мазмұнымен танысқанын растайды және оларды сақтауға міндеттенеді.

2. Қызметкер (Компаниямен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасқан тұлға) мыналарға міндеттенеді:

2.1. Сыбайлас жемқорлық әрекетіне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы қатыспауға, оның ішінде коммерциялық ұйымдарды, билік және өзін-өзі басқару органдарын, қазақстандық және шетелдік мемлекеттік қызметшілерді, жеке компаниялар мен олардың өкілдерін қоса алғанда, қандай да бір тұлғаларға және қандай да бір тұлғалардан немесе ұйымдардан, нысандылықтарды кез келген нысанда (ынталандырушы төлемдер), оның ішінде ақшалай қаражат, құндылықтар, көрсетілетін қызметтер нысанында оңайлату үшін пара мен төлемдер ұсынбауға, бермеуге, уәде етпеуге, сұрамауға және алмауға.

2.2. Компанияның мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға немесе оған қатысуға дайын екені ретінде өзгелер қабылдауы мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға.

2.3. Тікелей басшысына және Саясаттың сақталуын бақылауға жауапты тұлғаға мынадай жағдайлар туралы дереу хабарлауға:

- Қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға итермелеу жағдайлары туралы;

- Қызметкерге басқа Қызметкерлердің, Компанияның Контрагенттерінің немесе өзге де тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны туралы белгілі болған ақпарат туралы;

- Қызметкерде Мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі немесе туындағаны туралы.

3. Қызметкер Компанияның «Жедел желісіне», Комплаенс функциясы бойынша уәкілетті құрылымдық бөлімшеге, Саясаттың сақталуын бақылауға жауапты тұлғаға өзінің, сондай-ақ басқа Қызметкерлердің, Контрагенттердің немесе Компаниямен өзара іс-қимыл жасайтын өзге де тұлғалардың әрекеттерінің, әрекетсіздігінің немесе ұсыныстарының заңдылығы мен әдептілігіне қатысты туындаған күдіктері туралы хабарлау мүмкіндігімен таныстырылды.

4. Қызметкерге Компанияның бірде-бір Қызметкері, оның ішінде Қызметкердің өзі де, болжамды сыбайлас жемқорлық фактісі туралы хабарлағаны үшін немесе Пара беруден не алудан, Коммерциялық параға сатып алуды жүзеге асырудан немесе парақорлықтағы Делдалдықты кез келген өзге тәсілмен жүзеге асырудан бас тартқаны үшін Компания тарапынан санкцияларға немесе қудалауға ұшырамайтыны түсіндірілді, оның ішінде мұндай бас тарту нәтижесінде Компанияның жіберіп алған пайдасы туындаған немесе коммерциялық және бәсекелестік артықшылықтар алынбаған жағдайда да.

5. Қызметкер Қазақстан Республикасының және өзге де қолданылатын заңнаманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарын, сондай-ақ «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл



саясаты мен Корпоративтік әдеп кодексін бұзғаны үшін тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және/немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін екендігі туралы ескертілді.

6. Қызметкерге «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-дегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының және қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қағидаттары мен талаптары бойынша қосымша сұрақтары болған жағдайда, Саясаттың сақталуын бақылауға жауапты Комплаенс функциясы бойынша уәкілетті құрылымдық бөлімшеге жүгіне алатыны түсіндірілді.

« ____ » _____ 20__ ж. _____ / _____

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына
№2 қосымша**

**«KAZAKHSTAN PETROCHEMICAL INDUSTRIES INC.» ЖШС
ҚЫЗМЕТКЕРІНЕ АРНАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫН ЖӘНЕ САЯСАТТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ
ЖАДЫНАМА**

1. Қандай мінез-құлыққа тыйым салынады?

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-нің (бұдан әрі – KPI) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі – Саясат) сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысанына тыйым салады: қызметтік жағдайын теріс пайдалану, Пара беру (Белсенді парақорлық), Пара алу (Пассивті парақорлық), Делдалдық, өкілеттіктерді теріс пайдалану, Коммерциялық параға сатып алу немесе жеке тұлғаның KPI мен мемлекеттің мүдделеріне қайшы келетін өзінің қызметтік жағдайын өзіне немесе үшінші тұлғаларға ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзге де мүліктік құқықтар түрінде пайда алу мақсатында өзге де заңсыз пайдалануы, сондай-ақ көрсетілген тұлғаға осындай пайданы басқа жеке тұлғалардың заңсыз ұсынуы, оның ішінде көрсетілген әрекеттерді заңды тұлғаның атынан немесе оның мүддесі үшін жасауы.

2. Пара дегеніміз не?

Пара – Пара берушінің мүддесінде өзінің қызмет бабына байланысты жасай алатын немесе жасауы тиіс әрекеті (немесе, керісінше, әрекетсіздігі) үшін қабылданатын материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе қандай да бір мүліктік пайда немесе көрсетілетін қызметтер.

Пара – құндылығы бар әлдебір нәрсе, оның ішінде қаржылық немесе басқа артықшылық болуы мүмкін. Пара алу мысалдары мыналарды қамтиды (бірақ аталғандармен шектелмейді):

- қаржылық төлемдер немесе ақша қаражаты немесе оған балама (мысалы, сыйлық сертификаттары) түріндегі төлемдер туралы уәделер,
- сыйлықтар, ойын-сауық және қонақжайлылық белгілері (мысалы, сапар, қонақ үйде тамақтану және тұру),
- қызметтер,
- қарыздар және құнды қамтамасыз ету,
- мүлік немесе кез келген түрдегі мүліктегі қандай да бір үлес,
- өсімпұлдан қорғау және қандай да бір міндеттемеден босату,
- сәйкес келмейтін сыйақы үшін берілетін нәрсе,
- тәжірибеден өту, жұмыс тәжірибесін алу мүмкіндігін ұсыну немесе уақытша не тұрақты жұмысқа орналасуды ұсыну (оның ішінде осындай қызметтерді/игіліктерді Жақын туыстарына, жұбайларына, жекжаттарына ұсыну);
- саяси немесе қайырымдылық жарналар.

Параның қандай да бір жергілікті салада, істе, кәсіпте немесе икемде қажетті шара екендігінің дәлелі Парақорлықты қолдау үшін қолданыла алмайды.

3. Белсенді парақорлық

Қызметкерлерге/Лауазымды тұлғаларға әрдайым мынадай әрекеттер жасауға жол берілмейді:

• Саяси маңызы бар тұлғаға немесе оның пайдасына, не осындай тұлғалардың нұсқауы бойынша параны, оның ішінде Ынталандыру төлемдерін, өзге де заңсыз төлемдерді немесе артықшылықтарды ұсынуға, уәде етуге немесе төлеуге;

• осындай мінез-құлыққа жәрдемдесуге, делдал болуға, көмек көрсетуге немесе қолдау көрсетуге.

Егер KPI Қызметкері/Лауазымды тұлғасы Саяси маңызы бар тұлғаға пара ұсынса, оны беруге әрекет жасаса немесе берсе, не пара беруге делдал болса, тіпті KPI Қызметкері/Лауазымды тұлғасы оның орнына ешқандай пайда алмаса да, Саясатты бұзу орын алды деп танылады.

4. Белсенді емес парақорлық

Қызметкерлерге/Лауазымды тұлғаларға:

• Саяси маңызы бар тұлғадан пара сұрауға, талап етуге, пара алуға келісуге немесе пара алуға тыйым салынады.

Бұл тыйым Қызметкер параны өз пайдасына немесе басқа тұлғаның атынан алатынына қарамастан қолданылады.

Егер KPI Қызметкері/Лауазымды тұлғасы пара сұраса немесе талап етсе, Саясат бұзылды деп танылады; бұл ретте пара іс жүзінде берілмеуі де мүмкін.

5. Коммерциялық параға сатып алу дегеніміз не?

Коммерциялық параға сатып алу – коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқарушылық функцияларды орындайтын адамға өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүддесінде қызмет бабымен жалпы қамқорлық немесе салғырттық таныту.

6. Артықшылық қандай жағдайда Пара немесе Коммерциялық параға сатып алу болып саналады?

Артықшылық беру – егер мынадай ниет болса, құндылығына қарамастан, Пара болып табылады:

• алушының немесе басқа тұлғаның тиісті емес әрекетін ынталандыру немесе көтермелеу (коммерциялық параға сатып алу); немесе

• коммерциялық артықшылық алу немесе сақтау мақсатында өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде Саяси маңызы бар адамға ықпал ету (заңсыз немесе басқаша түрде).

Артықшылық беру Пара болып саналуы мүмкін, егер:

• ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және парақорлық туралы тиісті заңдар бойынша заңсыз болса;

• ол екінші Тарап үшін міндеттеме немесе міндеттеменің көрінісін туғызатын болса;

- ол артықшылық беретін адамға немесе осындай адамның ұйымына белгілі бір пайда немесе жалпы қолдау көрсету мақсатында адамды әрекетке немесе әрекетсіздікке көндіруге бағытталса;

- ол Саяси маңызы бар адамға қызметшіге оның қызметтік міндеттеріне ықпал ету үшін, қызметтік міндеттерін орындауды жеделдету немесе осындай адамнан жалпы қолдау алу үшін берілсе;

- ол құны, жиілігі немесе берілу тәсілі бойынша негізсіз болса.

7. Тағы нелерге тыйым салынады?

Сіз сондай-ақ ешбір жағдайда:

- қаржылық тәртіпті бұзбауға, соның ішінде ақша ұрлау және жалған есептер шығару, инсайдерлік ақпаратты сату, ақшаны жылыстату немесе қаражатты заңсыз иелену сияқты қылмыстық әрекеттерге бармауға;

- KPI тарапынан алдын ала рұқсат алмай, KPI ресурстарына, оның ішінде активтеріне, қаражатына немесе зияткерлік меншігіне жеке мақсатта қол жеткізуді немесе оларды пайдалануды басқа тұлғаларға ұсынуға немесе пайдалануға;

- коммерциялық ұйымның, мемлекеттік (толық немесе ішінара) ұйымның жеке қызметкерін немесе Саяси маңызы бар адамды заңсыз әрекеттерге көндіруге тырыспауға;

- Параны/Коммерциялық параға сатып алуды тікелей немесе жанама түрде агент немесе аффилирленген тұлға арқылы ұсынуға, беруге немесе беруге рұқсат етуге:

- a. Саяси маңызы бар адамға немесе

- b. коммерциялық немесе өзге де ұйымның менеджеріне, қызметшісіне немесе қызметкеріне;

- KPI-дің кез келген бәсекелесіне, өнім берушісіне немесе тапсырыс берушісіне артықшылық беруге әкеп соғуы және бәсекелестік саласындағы қолданылатын талаптардың бұзылуына алып келуі мүмкін рұқсат етілмеген материалдық немесе өзге де пайданы ұсынуға немесе беруге, оның ішінде KPI-дің бәсекелестері алдында заңсыз артықшылыққа ие болуына әкелуі мүмкін кез келген пайданы беруге;

- KPI-ге қатысты заңсыз бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізу мақсатында Саяси маңызы бар тұлғалармен болуы мүмкін кез келген байланыстарды пайдалануға;

- Саясатқа сәйкес заңсыз төлемдердің белгілері немесе көңіл аудару белгілері туралы немесе мұндай мінез-құлыққа күдік туғызатын қандай да бір жағдайлар туралы хабарлауға;

- алаяқтық жалған мәлімдемелерді қоса алғанда, тарапты қаржылық немесе өзге де пайда алуға немесе міндеттемелерден жалтаруға көндіруге итермелейтін іс-әрекеттер жасамауға;

- жоғарыдағы кез келген нәрсені жасырмауға немесе жасыруға тырыспауға міндеттісіз.

Жадынамамен таныстым, түгел оқып шықтым, маған толық түсіндірілді.



ТАӘ _____

Қолы _____

Күні _____

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына
№ 3 қосымша**

Контрагенттермен жасалған шарттар үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің үлгісі

1. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] осы шарт бойынша әрекет ететін онымен аффилиирленген барлық жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – әрқайсысы «Үлестес тұлға» деп аталады), оның ішінде [Шарт бойынша контрагенттің атауы] иелерінің, директорларының, лауазымды тұлғаларының, қызметкерлері мен

агенттерінің осы ескертпеде көзделген кепілдіктерді сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] және барлық Аффилиирленген тұлғалар тікелей немесе жанама түрде мынадай әрекеттерді жасамауға міндеттенеді:

2.2.1. KPI үшін бизнесті заңсыз алу, сақтау немесе жүргізу не заңсыз артықшылықтарға қол жеткізу мақсатында мемлекетпен байланысты кез келген тұлғаларға қандай да бір ақша қаражатын төлеуге, ұсынуға, уәде етуге немесе төлеуге рұқсат беруге не өзге де құндылықтарды (оның ішінде сыйлықтарды, ойын-сауық іс-шараларын және субсидияларды) беруге;

2.2.2. Коммерциялық саладағы парақорлыққа, оның ішінде Коммерциялық параға сатып алуға және бизнесті жүргізудің өзге де заңсыз және құқыққа қайшы тәсілдеріне тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзатын өзге де әрекеттерді жасамауға.

[Шарт бойынша контрагенттің атауы] [мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды]¹ және [оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей не жанама иелері болып табылатын Саяси маңызы бар тұлғалары жоқ]². [Шарт бойынша контрагенттің атауы] кез келген Саяси маңызы бар тұлға [Шарт бойынша контрагенттің атауы] лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған не [Шарт бойынша контрагенттің атауы]-да тікелей немесе жанама қатысу үлесін иеленген барлық жағдайлар туралы KPI-ге жазбаша түрде дереу хабарлауға міндеттенеді.

[Шарт бойынша контрагенттің атауы] заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және қандай да бір заңсыз мақсаттарды көздемейді, сондай-ақ тек заңды қаржыландыру көздеріне ие.

5. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] және оның Аффилиирленген тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған және кінәлі деп танылмаған. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] өзі немесе оның қандай да бір Аффилиирленген тұлғалары осындай құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталған немесе кінәлі деп танылған жағдайда, бұл туралы KPI-ге жазбаша түрде дереу хабарлауға міндеттенеді.

6. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-нің (бұдан әрі – KPI) Корпоративтік әдеп кодексімен және KPI-дің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен KPI-дің ресми веб-сайтында танысқанын растайды. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] KPI-дің Корпоративтік әдеп кодексін және KPI-дің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетінін куәландырады.

7. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптары нақты немесе ықтимал бұзылған жағдайда KPI-ге адал ниетпен көмек көрсетуге және жәрдемдесуге, оның ішінде өзінің иелеріне,

¹ Егер Контрагент мемлекетпен байланысты тұлға болса, мәтінді өзгерту қажет

² Егер бар болса, мәтінді өзгерту керек және мемлекеттік лауазымды тұлғалардың тізбесін алу қажет



директорларына, лауазымды тұлғаларына және өзге де Аффилиирленген тұлғаларына сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

8. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] KPI қызметіне байланысты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптарын бұзудың барлық жағдайлары туралы KPI-ге уақтылы хабарлауға міндеттенеді. Талаптардың бұзылуы туралы хабарлау үшін [Шарт бойынша контрагенттің атауы] KPI-дің ресми веб-сайтында орналастырылған КМГ-нің «Жедел желісін» пайдалануға міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына № 4 қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды қабылдауға келісім

Мен, (Т.А.Ә.) _____, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес мынадай сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды қабылдаймын:

- 1) жақын туыстардың, жұбайлардың және жекжаттардың бірлесіп қызмет атқаруына (жұмыс істеуіне) жол бермеу;
- 2) KPI-дегі лауазымдық міндеттерді орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асырмау;



- 3) ресми түрде таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе иелену мақсатында пайдаланбау;
- 4) егер осындай әрекеттер (әрекетсіздік) менің қызметтік өкілеттіктеріме кіретін болса немесе лауазымдық жағдайыма байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болсам, осындай әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін оларды ұсынған тұлғалардың пайдасына материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызметтер қабылдамау;
- 5) Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңында көзделген анықтамаға сәйкес келетін ойын мекемелерінде құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге, сондай-ақ бұл үшін белгіленбеген орындарда немесе телекоммуникациялар желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатыспау;
- 6) егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектіні басқару немесе оны басқаруға қатысу лауазымдық міндеттеріме кірмейтін болса, шаруашылық жүргізуші субъектіні басқаруға дербес қатыспау, сондай-ақ мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өздерінің қызметтік өкілеттіктерін құқыққа қайшы пайдалану арқылы ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдеспеу;
- 7) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа ақы төленетін қызметпен айналыспау.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жауапкершілік туралы хабардармын.


ТАӘ _____

Қолы _____

Күні _____

Өзгерістерді тіркеу парағы

тармақ, бөлім №	Жаңа редакция	Өзгерістер мен толықтырулардың негіздемесі



Күшіне ену күні:
бекітілген күннен бастап

[illegible]